

Отын-энергетика кешені саласындағы маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстар мен тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 ақпандағы N 168 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар 2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде сатып алынуының отын-энергетика кешені саласында маңызды стратегиялық мәні бар жұмыс берушілер болып белгіленсін.

2. Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік қорғаныс өнеркәсібінің резерві "Үлбі металлургия зауыты" ашық акционерлік қоғамының мұқтаждары үшін маңызды стратегиялық мәні бар тантал концентратының жеткізушісі болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулыға қосымшада көрсетілген заңды тұлғалармен жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жасалуын;

жұмыстарды сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы әрі тиімді жұмсау қағидатының сақталуын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажет шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 2

а қ п а н д а ғ ы

N

1 6 8

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Сатып алынуының отын-энергетика кешені саласында маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстарды берушілердің тізбесі

Р/с N	Жұмыстарды берушінің атауы	Жұмыстарды берушінің орналасқан жері	Жұмыстардың атауы
1	2	3	4
1.	"Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қ.	Токамак қазақстандық термоядролық материалтану реакторын құру. Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының қауіпсіздігін
		қамтамасыз ету.	
2.	Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны.	Алматы қ. ның физика еншілес	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ауыр иондарды үдеткіш базасында пәнаралық ғылыми-зерттеу кешенін құру " Ядролық институты мемлекет .
	тік кәсіпорны		
3.	"Қазтрансгаз" жабық акционерлік қоғамы	Астана қ.	Амангелді газ кен орындары тобын игеру
4.	"Қарағандышахта. тарату" республикалық	Қарағанды қ.	Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын жабу мемлекеттік
	кәсіпорны		
5.	"Уранкеніш. тарату" республикалық мемлекеттік	Көкшетау қ.	Уран кеніштерін консервациялау және тарату, техногендік қалдықтарды көму

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК